





# Бас ми қан айналым жүйесінің жедел бұзылулары

## Инсульт



**Инсульт - ми қан  
айналымының жіті  
бұзылысы, яғни ми  
қан-  
тамырларының  
бірінің үзілуі,  
түйілуі немесе  
тығындалуы.**



- Инсульт - ишемиялық (ми инфарктісі) және геморрагиялық (миға қан құйылу) болып бөлінеді.

# Типы инсульта



**Ишемический  
инсульт**




**Геморрогический  
инсульт**




**Ишемиялық инсульт. Бұл жағдайда тамыр өз қабырғасының тұтастығын сақтап қалады, алайда қанның ағымы тромбымен түйілуіне немесе тығындалуына байланысты тоқтап қалады. Тромбылар - қантамыр қабырғасының жас ерекшелігіне қарай өзгерістері - кез келген ағзадағы қантамырды бітеп, жүрек, бүйрек, ми инфарктісіне алып келеді. Қантамырлар жалпы қан ағысына келіп түсетін май тіндерінен де тығындалуы мүмкін, мысалы, бұл жағдай ұзын түтікше тәрізді сүйектер сынғанда немесе толық адамдардың қуыстық операциялар кезінде орын алуы ықтимал. Газды эмболия - тамырлардың газ көпіршіктерімен тығындалуы - өкпеге операция кезінде туындауы мүмкін. Ишемиялық инсульт - қарт адамдарға тән. Ол көбінесе түнде немесе таңға қарай туындайды, бірнеше күн ағымында бірте-бірте дамуы мүмкін, ауыспалы сипатқа да ие бола алады.**



**Геморрагиялық инсульт . Бұл артериялық гипертонияның асқынуы болып табылады. Жоғары қысымды көтере алмаған қан тамыры жарылады да, қан ми заттегіне келіп түседі. Құйылған қан миды басып, оны ісіндіреді және мидың бір бөлігі өледі. Мұндай инсульт көбінесе ауыр, күйзеліске толы күннен соң туындайды. Кешке қарай бас жарылып кетердей қатты ауырады. Заттардың барлығы қызыл түсті болып көріне бастайды, жүрек айнып, құсады, бас ауруы күшейеді - соққының алғашқы белгісі осындай. Сонан соң қимыл-қозғалыс, сөйлеу, сезгіштік қабілеттері бұзылады, құлақ естімеуден бастап, естен тануға, тіпті кома жағдайына дейін барады.**



ManipalHospitals  
LIFE'S ON 

nucleus  
MEDICAL MEDIA

Инсульттің пайда болуының негізгі факторлары:

- Жоғары артериалдық қысым
- Қант диабеті
- Жүрек аурулары
- Алкоголь және наркотик тұтыну
- Қандағы зиянды холестериннің деңгейінің жоғары болуы
- Дене белсенділігінің болмауы
- Дұрыс тамақтанбау
- Семіздік
- Күйзеліс және депрессия
- Васкулит (қантамырларының қабынуы) және қанның ұюының бұзылысы секілді кейбір аурулар инсульттың пайда болуына алып келеді.






**Инсульттің алғашқы белгілері. Инсультті анықтау үшін FAST тестті (Face Arm Speech Test, аудармасы «Бет-Қол-Сөз-Тест) қолдансаңыз да болады .**

**Инсультпен ауырып тұрған адамның күйін мынадай 4 қарапайым белгісі арқылы тануға болады:**

- \* Науқастан күлуін өтініңіз (ол талпынуы мүмкін, бірақ күле алмайды )**
- \* Әңгімеге тартыңыз (мысалы, «бүгін ауа райы керемет, солай ма?» десеңіз, сөйлеуге қиналады немесе сөйлей алмайды)**
- \* Екі қолын қатар көтеруін өтініңіз (ол бұны істей алмайды)**
- \* Тілін шығаруын өтініңіз (тілі жыбырлап не қайырылып тұрады)**





103.wmv

## Инсульт кезіндегі алғашқы көмек

**Ең алдымен 103-жедел медициналық көмек бригадасын шақыру керек!**

**Жедел жәрдем келгенше:**


- Мойыны бүгіліп, қанның ағысының нашарламауы үшін бас пен иықты жастыққа қойып науқасты көлденеңінен жатқызу керек;
- Тыныс алуды қиындататын киімнің алдын ашып, таза ауаның келуіне ықпал ету керек;
- Тісінде протез болса алып тастау керек;
- Егер науқас құсып жатса, басын бір жаққа қисайтып, құсықтың тыныс алу жолына кетпеуі және тілдің артқа кетпеуі үшін құсықты шығару керек.

Что можно сделать до приезда врача:



1

Уложить больного на высокие подушки, подсунув их под плечи, лопатки, голову (голова должна быть приподнята над уровнем постели примерно на 30 градусов)



2

Открыть форточку или окно, обеспечив приток свежего воздуха



3

Расстегнуть воротничок рубашки, тугий ремень или пояс, снять с больного стесняющую одежду



4

Измерить артериальное давление



5

При первых признаках рвоты повернуть голову больного набор — рвотные массы не должны попасть в дыхательные пути



## Ауруханадағы емдік шаралар

- Адекватты оксигенацияны қамтамасыз ету (жоғарғы тыныс жолдарын тазалау, ауа өткізу, жасанды тыныс алдыру аппараттарын қолдану)
- Жүйелі түрде артериальды қан қысымының оптимальды деңгейінде ұстау (АҚҚ тек 220/120 мм.сын.бағ асқан жағдайда ғана төмендету)
- Тырысу ұстамаларын басу
- Психомоторлы қозуды басу
- Гипертермияны басу (аспизол, физикалық әдістер)
- Үдемелі құсу мен ықылықты басу
- Ми құрылымдарындағы метаболизм бұзылыстарын коррекциялау
- Ауруханаға дейінгі кезеңде қателік кету қаупі жоғары болуына байланысты дифференцирленген терапияны жүргізбеген дұрыс.





# Ми қан айналу бұзылысының алдын алу шаралары

Инсульттің дамуының алдын алып, өмір сапасын жақсартып және өмір жасын ұзартасыз.

- артериялық қан қысымыңызды бақылауда ұстаңыз
- дене салмағыңызды бақылаңыз
- қан құрамындағы қанттың мөлшерін бақылаңыз
- қан құрамындағы холестерин деңгейін бақылаңыз
- өмір салтын өзгертіп-темегіден бас тартыңыз,
- күніне кемінде 30 минут дене жаттығуларымен айналысыңыз,
- күнделікті жеміс пен көкөністі тұтыныңыз, ас үлесінде тұз, май мен қанттың болуын шектеңіз.

## Чтобы предотвратить ИНСУЛЬТ:

Соблюдайте правила рационального питания



Контролируйте артериальное давление



Откажитесь от курения

Не употребляйте алкоголь



Занимайтесь физической культурой



Проверяйте уровень холестерина и сахара в крови



Избегайте стресса



**Спасибо за внимание!**



**NVisionGroup**  
ЭНВИЖН ГРУП

*Динамичный интегратор*